

**"Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" Қазығұрт аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 тамыздағы № 19/139-V шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 48/333-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 6 қаңтарда № 3513 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2016 жылғы 8 шілдедегі № 6/32-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 08.07.2016 № 6/32-VI шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 2-3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес Қазығұрт аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазығұрт аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 тамыздағы № 19/139-V "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2375 тіркелген, 2013 жылғы 20 қыркүйектегі "Қазығұрт тынысы" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында:

7 тармақтың 4) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"4) 9 мамыр "Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне" орай - Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне, біржолғы 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;"

7 тармақтың 3) тармақшасы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен

толықтырылсын:

"ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;" .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Е.Нышанбекұлы  
М.Момынов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК